

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY



Белгілі журналист Ы. Төребаевтың
100 жылдық мерейтойына арналған
**«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА:
ТАРИХЫ, БҮГІНГІ КЕЛБЕТІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»** атты
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

25 қараша 2016 жыл

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
**«МЕЖДУНАРОДНАЯ ЖУРНАЛИСТИКА:
ИСТОРИЯ, СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**,
посвященной 100-летию известного журналиста И. Тюребаева

25 ноября 2016 года

MATERIALS

Of International scientific and practical conference
**“INTERNATIONAL JOURNALISM: HISTORY,
MODERN CONDITION AND PROSPECTS”**,
dedicate to the 100th anniversary of the known journalists I. Turebaev

November 25, 2016

Список литературы:

1. Мельник Г.С. Общение в журналистике: секреты мастерства. Электронный ресурс:// Режим доступа: <http://mreadz.com/read171008/p58>
2. Барманкулов М.К. «Телевидение: деньги или власть». – Алматы, 1997. – С. 47
3. Крайг Г., Бокум Д. Психология развития, 9-е изд., СПб.: Питер, 2005
4. Ломов Б.Ф. Общение и социальная регуляция поведения индивида// Психологические проблемы социальной регуляции поведения, - М., 2010
5. Маслоу А.Г. Новые рубежи человеческой природы / А.Г. Маслоу. - М.: Смысл, 1999. - С. 90
6. Голдберг Л., Развитие маркеров для фактора структуры Big-Five., Психологическая оценка, 4, 26-42.
7. Горохов В. М. Слагаемые мастерства. М., 1982. - С. 144
8. Гаймакова Б. Д., Макарова С. К., Сенкевич М. П. Мастерство эфирного выступления. – М., 2006. – С.14
9. «Би-Би-Си»: свобода слова по-английски // Журналист. № 1. - С.15

**Нуржанова Ш.С.,
Садуақасов А.А.,**

ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының аға оқытушылары
Тюменбаев А.

Баласағұн атындағы Кыргыз ұлттық университеті, журналистика факультеті

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ОҚУ- ӘДИСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ (Қашықтықтан оқыту қазіргі заман талабы)

XXI ғасыр – бұл ақпараттық технологияның қазіргі қоғамда нағыз дамыған дәуірі, бір кездері ата бабамыз үйде отырып білім ала беруге болады дегенді қиял-ғажайып ертегі, фантастика десе, сол қиял-ғажайып қазіргі кезде бұл өмірдің шындығына айналып отыр. Білім беру үрдісінде де, алысты жақындату яғни ақпараттың жедел әрі жылдам дамуы, кез келген тұлғамен әлемнің қай шетінде жүрсеңде білім алу барысында да электрондық жүйе арқылы тез әрі жылдам тапсырманы алып, сол сәтте орындауға, әрі ақпаратты бірден беруге немесе оқытушымен экран арқылы тілдесуге, дәрісті тыңдауға, түсінбеген дүниеге бірден жауап алуға мүмкіндік туған заман. Ең алғаш сырттай оқитын бөлім үшін онлайн-қашықтықтан оқыту формасы XX ғасырдың аяғында пайда болды. Нарықтық экономиканың даму процессіне сай бүгінгі күні ең жедел дамып жатқан саланың бірі осы қашықтықтан оқыту технологиясы. Бұл күндері қашықтықтан оқу арқылы тек сырттай жоғары білім беру саласы ғана емес, шетелдерде де білім алу жағынан кеңінен өріс алуда.

Әлемнің кез келген мемлекетінің тілін немесе университетінде білім алу процесі ешқандай қиындық туғызбайтындай жағдайға жеттік. Ол заман талабы. Қашықтықтан оқыту формасы бүгінде, уақыт талабына сай біздің елімізде де еркін дамып келеді. Яғни, қашықтықтан оқыту дегеніміз – жаңа технологиядағы жаңа үрдіс, адам қалаған пәнін таңдап оқиды, оқытушымен скайп арқылы сойлесіп, өзіне ыңғайлы уақыты таңдап оқи алады, яғни уақытпен есептеспейді. Қашықтықтан оқыту жүйесі білім алуға жұмсалатын шығынды азайтады, бір сәтте бірнеше мың адам тыңдай алады, әрі сұрақ та қойып үлгереді. Яғни уақытты үнемдеу жағынан да, қазіргі құралдарды, электронды кітапхананы пайдалану жағынан да мүмкіндігі мол.

Қашықтықтан оқыту әдісі әлемде ең жылдам дамып келе жатқан жүйе. Тіптен мүгедек-жарымжан жандардың білім алуына да өте қолайлы. Студенттің өзі еркін жұмыс жасауына, ізденуіне де ыңғайлы.

Нарық кезеңнің талабына сай бүгінгі күні дамып жатқан саланың бірі – қашықтықтан оқыту технологиясы. Еліміз егемен болғалы бері телекоммуникациялық технологияның және гипермедияның қарқынды дамуына байланысты білім беру саласында компьютерді қолданбай жұмыс жасай алмайтындай дәрежеге жеттік. Себебі, бұл кез келген адам үшін өте тиімді екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

«Интернет» желілік байланысы қазіргі күні әлемнің кез келген жоғарғы оқу орындарының көбісінде, қашықтықтан білім беру жүйесінің пайда болуына негіз болды. Өйткені, ғылым мен техниканың дамуы білім беру жүйесінің кез келген саласын ақпараттандыру үрдісін жетілдіруді талап етті.

Осы қашықтықтан оқыту әдісі бойынша отандық және шетелдік ғалымдар жылдар бойы айналысып келеді, қазіргі күні оның нәтижесін көре бастадық. Атап айтар болсақ, осы мәселе бойынша зерттеу жұмыстарын В.В. Егоров, В.В. Гриншкун, С.Г. Григорьев, Ш.А. Абдраман, Б.Абдыкаримов, Ж.М. Абилов, Г.З. Адильгазинов, В.М. Амирбаев, В.П. Беспалько, В.Г. Кинелев, Н.А. Минжанов және Е.Ы. Бидайбеков, Т.О. Балыкбаев, Д.М. Джусубалиева, Г.К. Изтилеуова, Ж. Караева, Е. Балафанова, Ж.Ж. Наурызбай т.б. ғалымдардың еңбектерінен көруімізге болады.

Сондықтанда, елімізде нарықтың нағыз дамып келе жатқан кезеңінде сырттай немесе академиялық ұтқырлық арқылы оқыту және экстернат формасында оқитын студенттердің талаптарын қанағаттандыру үшін, осындай өздеріне ыңғайлы уақытта қашықтықтан білім алуларына мүмкіндіктер жасалып отыр.

Қашықтықтан оқыту мен үйлестірілген сырттай оқу формасында оқитындардың көбісі алыс облыстарда немесе басқа мемлекетте жүріп өз білімдерін жалғастыруына жасалып отырған үлкен мүмкіндік. Нарықтық экономиканың даму барысында кез келген жоғары оқу орны өзінде студенттердің білім алуына жасаған мүмкіндігі. Қазіргі күні бірақ осылай білім беру жүйесінде кездесіп отырған проблемаларда аз емес. Әлі де кейбір әріптестеріміздің бұл жүйені дұрыстап түсіне алмаушылығы болса, студенттердің де бұл жүйеге үйрене алмай жатқан жақтарыда кездесіп отырған жайы бар.

Ал, бұл қашықтықтан оқыту жүйесі кез келген білім алғысы келетін адам үшін нарықтық экономиканың өрлеу барысындағы бірден бір келешегі бар жүйе. Арада жылдар өтіп, келешекте, күндіз білім алушылардан гөрі қашықтықтан білім алушылардың саны артатынына кәміл сенеміз. Дегенмен де, бұл әдісті әрі қарай дұрыс дамыту үшін, дәріс жүргізетін лекторларды жақсылап дайындау керек және уақытты да біршама артық беру керек, бұл аудитория емес, азғана уақыт ішінде бәрін түсінікті әрі нақты жеткізе білу үлкен шеберлікті қажет етеді. Дәріскер түрлі әдістерді пайдалана білуі керек. Компьютердің алдында тыңдап отырған студентті жалықтырып алмау керек.

Сабақ өткізу барысында қысқа әрі түсінікті қарапайым тілмен түсіндірген абзал. Осы қашықтықтан оқыту жүйесін жүргізетін шет елдік дәріскерлердің дәрістерін тыңдап, елімізде жүргізіліп жүрген дәрістермен салыстырып қарадық. Әр дәріс берген сайын заманның ағымына сәйкес үнемі әлемде болып жатқан жаңа дүниелермен толықтырып отырған дұрыс.

Мәселен, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде осы жүйе бойынша дәріс жүргізіп келеміз. Лектор мен семинар жүргізушінің кредит санын бөлу кезінде кемшіліктер бар, себебі лектор осы пәннің бағдарламасын, силлабусын жасайды. Әр сабақта жүргізілетін дәрістерді оқиды, ал семинар жүргізуші силлабуста көрсетілген тапсырмаларды беріп соны тексереді. Лектор студенттің өзіндік жұмыстарын тексереді, емтихан алады. Негізгі сабақты дайындайтында, жүргізетінде лектор. Мысалы егер ол пәнге 2 кредит бөлінсе, лекторға оның 0,5 ғана кредиті жазылады. Бұл сырттай оқитын студенттерге арналған дәріс болғандықтан, пән екіге бөлінбеу керек, оны бір ғана адамның жүргізгені абзал.

Екіншіден, студенттің жүйені дұрыс түсінуі үшін міндетті түрде, оқуға қабылданғаннан кейін, ең кем дегенде бір апталық шолу дәрістер жүргізілуі керек.

Үшіншіден, дәріс тек лекция түрінде емес, оған презентация, бейне таспалардағы сюжеттерді көрсете отырып өткізу керек, әсіресе шығармашылық факультеттер үшін міндетті бейне баян болу керек.

Сондай-ақ, студент скайп арқылы шығатын болған жағдайда компьютерлік желілердегі техниканы қуатын күшейту керек. Жалпы, нарық кезінде студенттің оқу процессінде тереңінен білім алу үшін сапаны күшейту керек осыған орай білім беруші ұстаздың да дәрістердің сапасына қарай ақысында біршама ұлғайтса болар еді, бұл бүгінгі күннің нарық талабы. Жалпы, келешекте күндізгі білім алу жүйесінен гөрі қашықтықтан оқыту жүйесі кеңінен дамиды. Алдағы уақытта заман талабына сай қашықтықтан оқытудың мәселелерін дұрыс жолға қоя білсек, университетімізде әлемнің түпкір-түпкірінен студенттер оқитын болса, яғни нарық сұранысына лайықты маман даярлайтын болсақ, университетіміз экономикалық жағынан да алға басады, үнемі әлемнің белгілі университеттерінің қатарына енеді. Бұл бүгінгі күннің нарық талабына сай өзін өзі қаржыландыра алады.

Төртіншіден, студенттерді аудиторияларға жинаудың қажеті болмайды. Бұл басты жетістік, себебі үлкен гимараттардың қажеті болмайды. Олардың коммуналдық төлем ақысы, техникалық, жылумен қамтамасыз ету сияқты т.б. шығындар болмайды.

«Елу жылда-ел жаңа, жүз жылда-қазан жаңа» деп халық даналығы айтпақшы, алдағы уақытта жалпы жоғары білім беру жүйесі тек толығымен қашықтықтан оқытуға көшуі мүмкін

деген болжамбар. Қазірдің өзінде Томсон Ройтерс сияқты ғалымдарға арналған семинар-тренингтер онлайн түрде өткізіліп сертификаттар беріп жатыр. Сондай-ақ шетелдік Ж.О.О.-да докторантурада оқыту мәселесі тәжірибе де қолданылып келеді және оған сұраныс та бар. Бұның бір артықшылығы дотарантурада оқып жүрген ғалым өз ісін, кәсібін тастамай қызыметінен үздіксіз ғылыммен айналыса береді.

Осындай білім беру жүйесі тек гуманитарлық білім беру жүйесіне өте ыңғайлы, себебі математика, химия сынды мамандарда зертханалық дәрістер тәжірибе жүзінде өтуі керек. Сондықтан, техникалық білім беру саласына қашықтықтан оқыту тек І курстарда өтетін жалпы білім беру (Шет тілі, пәлсапа, тарих т.б.) пәндерін оқыту үшін бірінші жылы ғана қолдануға болады.

Бесіншіден, оқытушыларды да бір мекемде жинаудың қажеті шамалы. Олар ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып онлайн дәрістерін өткізе береді. Осыған байланысты азайған шығындардың орнына кететін қаражатты оқытушылардың еңбек ақысын көтеруге және жаңа технологиялармен жаратандыруға жұмсау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Андреев А.А. Введение в дистанционное обучение: Учебно-методическое пособие. - М.: ВУ, 2009.
2. Дистанционное обучение: Учебное пособие / Под ред. Е.С. Полат. - М.: ВЛАДОС, 2008.
3. Шахмаев Н.М. Технические средства дистанционного обучения. М. - «Знание», 2000. - 276 с.
4. Интернет - сайты

Шаймаран М.,

Қалым Ж.

ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының аға оқытушылары

ДІНИ ТАҚЫРЫПТА ЖАЗАТЫН ЖУРНАЛИСТЕРДІ ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Қоғамда толеранттылық орнатуда түрлі деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет ететін журналистер қауымы айтарлықтай әсер етеді десек, діни тақырыпта материал жазу барысында әр журналист ең алдымен, толеранттылық принципін негізге алуы тиіс. Толеранттылық бүгінде «демократ адамның басты психологиялық тірегіне» айналды. Толеранттылықтың басты сапасы – өзгерістердің теңдігін құрметтеу мен тану, сондай-ақ үстемшілдік пен зорлық-зомбылықтан бас тарту.

Толеранттылық бәсекелестікті де, саяси плюрализмді де және басқа да көзқарастар мен ұстанымдарды да жоққа шығармайтындығы, бірақ ол бұлардың «манифестлік және күштеу нысандарында пайда болуына жол бермейтінін» есте ұстау керек.

Дін саласы бойынша шешімі күрделі түйіткілді мәселелердің орын алып жататандығы жасырын емес, дегенмен қандай мәселе болмасын, ең алдымен толеранттылық қағидаты басты назарда тұруы тиіс.

Журналистің басты міндеті бұқараға өзінің жеке көзқарасын таңу емес, объективті ақпарат тарату екендігі айқын. Жақында қабылданған Қазақстан Республикасы журналисінің Этикалық кодексінде журналист өзінің қызметінде кәсібі, сөз бен ақпарат бостандығы, ішкі саяси тұрақтылықты, конфессияаралық, этносаралық келісімді сақтау, ұлттық ақпараттық қауіпсіздік пен қоғамдық адамгершілік ахуал мүддесі үшін қызмет жасайтын-дығы атап көрсетілген. Осы құжатта сондай-ақ, журналист қолы қойылған, бүркеншек немесе анонимді атымен, бірақ рұқсаты және келісімі бойынша таратылған кез келген хабарламаның сенімділігі үшін өзінің атымен және беделімен жауап беретіндігіне де баса назар аударылған.

Дін тақырыбы мен діни мәселелердің БАҚ-та көтерілуін сөз еткенде туындайтын екінші бір маңызды қағида – сауаттылық. Сауаттылықтың мәні белгілі бір әлеуметтік топтар мен осы топ өкілдерінің шамына тиетін, тиюі мүмкін сөздер мен пікірлерді қолданудан аулақ болу екендігі белгілі. Жүйесіз қолданылған әр сөз, әр термин діни наразылықтың бастамашысы болуы әбден мүмкін.

Конфликтологтар тарапынан жүргізілген зерттеулер діни және этносаяси мүдделерді қозғайтын шынайы жанжалдар туралы мәселе көтергенде қолданыталатын арнайы әдістердің

МАЗМҰНЫ

Шыңғысова Н.Т. Оқыту үдерісіндегі инновациялық заңдылықтар	3
Козыбаев С.К., Уткин П. Журналист в горячих точках мира	5
Ахметова Л.С. Новые медиа и медиаобразование.....	11
Барлыбаева С.Х. Глобализация и конвергенция массовой коммуникации.....	14
Дудинова Е.И., Мухамадиева Л.И. Методика организации самостоятельной работы студентов на факультете журналистики: аспекты подготовки журналистов-международников.....	18
Рожков А.В. Противоречия новой медиареальности.....	20
Аргынбаева М.Х., Абдраш А. СМИ о БРИКС, Китае и Казахстане.....	22
Tlepbergenova A.A. Experience and intellectual property protection technologies.....	26
Gubasheva D.T., Argyntbaeva M.K. The image of Islam and its components.....	28
Abzhanov K. A combination of theory and practice skills during the lecture.....	29
Негизбаева М.О. Молодежная политика - движущая сила Казахстанского Пути.....	30
Niyzgulova A.A., Ibragimov N. Journalistic education in Kazakhstan.....	34
Саудабекова Э.К. Проблема знака и символа в справочной литературе.....	37
Молдабеков А.А. Инфографики в современной системе коммуникации.....	42
Негизбаева М.О., Теміртайқызы А. Қазақстан жолы: еліміздің саяси сәулегінің PR-ы.....	44
Orazbekova Z.S. From the history of foundations and development of science fiction.....	46
Иманалиев Ж.О. ҚР нарығында PR-технологияларды қолдану ерекшеліктері.....	49
Mukanova G.K., Nurzhanova Sh.S. Etnogeo cultural identity in Central Asia: tradition and modern trends of media education.....	51
Ложникова О.П. Особенности подготовки ведущих для работы на радио и телевидении: отечественный и международный опыт.....	53
Нұржанова Ш.С., Садуақасов А.А., Тюменбаев А. Жоғары оқу орындарындағы қашықтықтан оқытудың оқу-әдістемелік мәселелері.....	57
Шаймаран М., Қалым Ж. Діни тақырыпта жазатын журналистерді даярлау және білім беру проблемалары.....	59
Vaygozhyna D.O., Kalym Zh. Almaty appearance of PR agencies, Stages of formation.....	62
Zhurtbay N.T., Zhumabayeva A.K., Mamirova K.S. Freedom of the Press: Media law in European Countries.....	67
Мухамедиева Н.Б. Мемлекеттік дағдарыс жағдайындағы проблемаларды шешудегі қоғаммен байланыстың рөлі.....	69
Дауренбекова А.А. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін реттейтін халықаралық стандарттар.....	71
Kutranbayeva Zh.B. Communication strategies and technologies in the media.....	73
Мұхамеджанов Д. Теле-радио мамандарына жүйелі білім бағдарламасы қажет.....	77
Nursaly A. PR in education.....	80
Жумадилова Б. Ұлттық теңге – ұлт мақтанышы.....	82
Әлімбаева С.Қ., Мысаева Қ.Н. Журналистика оңай мамандық емес.....	84
Алимжанова А.Б. Мультимедиялық журналистиканың генезисі мен спецификасы.....	86
Қойгелдиева З.Ж., Қайнышева М. SMM (Social Media marketing) / Элеуметтік медиа маркетинг және SMM маманның сауаттылығы.....	90
Маханбетжанова А.С. Контекстная реклама в электронных изданиях.....	92
Жабаева Ш.Х. Русскоязычное зарубежное телерадиовещание.....	97
Байзулина А. Роль СМК в развитии Евразийской интеграции	99
Лейман Е. Особенности контента рейтинговых казахстанских телеканалов.....	102
Мукашева М.Т. Человек труда в произведениях Акселеу Сейдимбека.....	105
Қосанова А.Ш. Жоғалған жәдігерлеріміз қайта оралды	108